



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2023

УДК 657(069)
ББК 65.052.21
С 23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 497 б.

ISBN 978-601-337-851-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-851-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023

2) Айгүл Хожантаева Қазақстанда көлеңкелі экономика 26 пайызды құрады//AIP.KZ Электронды сервиске арналған Ұлттық портал. – 2017. - [Электронды ресурс]. URL:<http://mail.kz>

3) «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі» сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/press/news/details/287406?lang=kk>

4) «Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі» сайты[Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/afm/documents/details/209651?lang=kk>

5) «Қазақстан Республикасының Жоғарғы Аудиторлық палатасы» ресми сайты [Электронды ресурс]. URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/eseq/documents/details/158481?lang=kk>

6) Көлеңкелі экономика, түрлері және пайда болуы, қызмет ету механизмі// Интернет ресурсында жарық көрген мақала. [Көлеңкелі экономика, түрлері және пайда болуы, қызмет ету механизмі \(dereksiz.org\)](http://dereksiz.org)

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРІНІҢ АУДИТІ

Серікқали С.М., Серикова М.А.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Аннотация. Бұл жұмыста «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ–ның айналымнан тыс активтері, оның ішінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сипатталады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ–ның жылдық қаржылық есептілігіне сүйене отырып «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның айналымнан тыс активтерінің өзгеруінің себептеріне аудит жүргізілді. Оның қорытындысы бойынша «ҚазМұнайГаз» АҚ-ның ұзақ мерзімді активтерді басқару мен есептен шығару бойынша ұсыныс келтірілді.

Түйін сөздер: айналымнан тыс активтер динамикасы, қаржылық есептілік, негізгі құралдар, материалдық емес активтер, аудит.

Аннотация. В данной работе описываются внеоборотные активы АО НК «КазМунайГаз», а точнее их основных средств и нематериальных активов. На основании годовой бухгалтерской отчетности было проведена проверка причин изменения внеоборотных активов АО «КазМунайГаз». По его заключению внесено предложение об управлении и списании долгосрочных активов акционерного общества «КазМунайГаз».

Ключевые слова: динамика внеоборотных активов, финансовая отчетность, основные средства, нематериальные активы, аудит.

Annotation. This work describes the non-current assets of JSC NC «KazMunayGas», or rather their fixed assets and intangible assets. On the basis of the annual financial statements, the causes and of changes in the non-current assets of the JSC «KazMunayGas» were checked. According to its conclusion, a proposal was made to manage and write off the long-term assets of the joint-stock company «KazMunayGas».

Key words: dynamics non-current assets, financial statements, fixed assets, intangible assets, audit.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Қазақстан Республикасының тікелей интеграцияланған жетекші мұнай және газ өндірумен айналысатын компания болып табылады. ҚМГ компаниясы көмірсутектерді барлау және өндіруден бастап, тасымалдау және өңдеу, сонымен қатар сервистік қызмет көрсетуге дейінгі барлық өндірістік циклдағы активтерді басқарады. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акционерлері «Самұрық Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еліміздің мұнай және газ конденсатын өндірудің 25%-ын және табиғи, ілеспе газдарды өндірудің 15%-ын қамтиды. Және де бұл компания еліміздің 56% мұнай қорын тасымалдайды. Жыл сайын бұл компания шамамен 21651 мың тонна мұнай және 8081 миллион куб метр ілеспе және табиғи газын өндіреді. Қазіргі таңда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-да бас аяғы 47000 адам қызмет атқарады[1].

Бұндай үлкен ұйымда әрине ұзақ мерзімді активтер өте көп әрі маңыздылығы да орасан зор. Бұл компания осы ұзақ мерзімді активтерінің көмегімен,оның ішінде негізгі құралдар және материалдық емес активтер көмегімен Қазақстандағы ең ірі компаниялардың бірі әрі бірегейіне айналып отыр.

Кесте 1. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы негізгі құралдардың болжамды қызмет ету мерзімдері (амортизациялау уақыты.)

Негізгі құралдар түрі	Амортизация уақыты, жыл
МӨЗ активтері	4-100
Құбырлар	2-30
Ғимараттар мен құрылысжайлар	2-100
Машиналар мен жабдықтар	2-30
Көлік құралдары	3-35
Өзге негізгі құралдар	2-20
Жер	Амортизацияланбайды
Ескерту. Автормен құрастырылған [2]	

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржылық есептілігіндегі мәліметтер бойынша негізгі құралдар түріне мөз активтері, құбырлар, ғимараттар мен құрылысжайлар, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, өзге негізгі құралдар және жер жатады. Олардың әрқайсысының амортизациялау уақытына келер болсақ, мөз активтері 4-100 жылға дейін, құбырлар 2-30 жылға дейін, ғимараттар мен құрылысжайлар 2-100 жылға дейін, машиналар мен жабдықтар 2-30 жылға дейін, көлік құралдары 3-35 жылға дейін және өзге негізгі құралдар

2-20 жылға дейін амортизацияланады. Ал бұл категориядағы жер активі амортизацияланбайды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020-2021 жылғы ұзақ мерзімді активтеріне негізгі құралдар мен материалдық емес активтер жатады. Ұзақ мерзімді активтер 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 950024 миллион теңгеге азайған. Ал өсімі 14,06 пайызға кемігендігін көруге болады (Кесте 2).

Кесте 2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020-2021 жылғы негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің сомасының өсу қарқыны (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2021	2020	Абсолютті өзгеріс(+/-)	Өсімі,%
Негізгі құралдар	3 405 980	4 369 745	-963 765	-22,05
Материалдық емес активтер	182 222	168 481	13 741	8,15
Ескерту. Автормен құрастырылған [2]				

Бұндай жағдайға тап болудың негізгі себебі 2021 жылы ұйымның негізгі құралдарының сомасы 2020 жылға қарағанда 963765 миллион теңгеге азайып, өсімі 22,05 пайызға төмендеуі болып отыр. Ал материалдық емес активтер керісінше 2021 жылы 2020 жылға қарағанда 13741 миллион теңгеге артып, өсімі 8,15 пайызды құрады.

2 кестеде берілген материалдық емес активтер мен негізгі құралдардың анализі «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 117217 миллион теңгеге азайған. Ал өсімі 2,51 пайызға кемігендігін көруге болады. Бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ -ның негізгі құралдарының сомасы 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 114526 миллион теңгеге азайып, өсімі 2,55 пайызға төмендеуі болып отыр. Сонымен қатар, материалдық емес активтер сомасы да 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 2691 миллион теңгеге кеміп, өсімі 1,57 пайызға азайғандығы себебібен орын алып отырғаны туралы дерек береді.

Кесте 3. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2019-2020 жылғы негізгі құралдары мен материалдық емес активтерінің сомасының өсу қарқыны (млн. теңге)

Көрсеткіштер	2020	2019	Абсолютті өзгеріс(+/-)	Өсімі,%
Негізгі құралдар	4 369 745	4 484 271	-114 526	-2,55
Материалдық емес активтер	168 481	171 172	-2691	-1,57
Ескерту. Автормен құрастырылған [3]				

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 117217 миллион теңгеге азайған. Ал өсімі 2,51 пайызға кемігендігін көруге болады. Бұл «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ -ның негізгі құралдарының сомасы 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 114526 миллион теңгеге азайып, өсімі 2,55 пайызға төмендеуі болып отыр. Сонымен қатар, материалдық емес активтер сомасы да 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 2691 миллион теңгеге кеміп, өсімі 1,57 пайызға азайғандығы себебібен орын алып отыр.

Кесте 4. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2019 жылғы негізгі құралдары құрамындағы өзгерістер

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2019 жылғы негізгі құралдары құрамындағы өзгерістер									
Миллион теңгемен	Мұнай газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Өзгелер	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2019 жылға қалдық құн	1049763	803717	1381881	300655	457811	97637	105286	286741	4484271
Есептік валютасын қайта есептеу	50582	3992	39281	6928	3404	2973	7033	15034	129227
Есепті бағалаудағы өзгеріс	6785	5914	-	28	-	-	-	-	12727
Түсім	4733	1967	2176	4455	6901	5439	2561	404519	432756
Есептен шығару	-17138	-18212	-10829	-4412	-4135	-1887	-2783	-2533	-81929
Тозу бойынша шығыс	-109546	-29297	-119746	-19746	-37922	-11086	-11163	-	-335850
Жинақталған тозу бойынша құнсыздану	13875	1883	10364	3312	4007	-1720	2561	1358	39089
Құнсыздану	-37857	-731	-155544	-5101	-1366	-11766	-1750	-6788	-220913
Сағуға арналған активтерге аударымдар	-	-	-834	-14777	-71856	-85	-228	-1400	-89161
ТМҚ-дан аудару	42	-25	1619	-	264	-54	535	2541	4915
Барлау және бағалау активтерден аударымдар	67	-	-	-	-	-	-	-	67
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	-	-	-	-19207	-	-	-	-	-19207
Басқа да өзгерістер	-	-	-96	-	-	-	-519	-2558	-3273
Аударымдар	122633	39542	23058	-37527	95713	-1770	9557	330800	-

Ескерту. Автормен құрастырылған [2]

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы негізгі құралдарға ұйымның жарғысына сәйкес мұнай газ активтері, мұнай құбырлары, қайта өңдеу активтері ғимараттар, машиналар мен құрал-жабдықтар, көлік құралдары, аяқталмаған құрылыс сынды активтер жатады. Ұйымдағы ұзақ мерзімді активтердің есепті жылы өткен жылмен салыстырғанда азаюының басты себебі осы негізгі құралдардың сомасының азаюы болып отыр. Дәлірек айтар болса, 2019 жылы негізгі құралдардың 220913 миллион теңгеге құнсыздануы, оның ішінде мұнай газ активтерінің 37857 миллионға, мұнай құбырларының 731 миллионға, қайта өңдеу активтерінің 155544 миллионға, ғимараттардың 5101 миллионға, машиналар мен құрал-жабдықтардың 1366 миллионға және көлік құралдарының 11766 миллионға құнсыздануы негізгі себептердің бірі болып отыр.

Және де, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы негізгі құралдардың төмендеу себептерінің бірі ол осы негізгі құралдарды есептен шығару болып табылады. Яғни 2019 жылы ұйымда 81929 миллион теңгеге негізгі құралдар есептен шығарылған. Оның ішінде мұнай газ активтерін 17138 миллионға, мұнай құбырларын 18212 миллионға, қайта өңдеу активтерін 10829 миллионға, ғимараттарды 4412 миллионға, машиналар мен құрал-жабдықтардың 4135 миллионға және көлік құралдарының 1887 миллионға есептен шығарған. Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы негізгі құралдарының азаюының тағы бір басты себебі ол тозу бойынша шығыстар сомасының артуы. Яғни 2019 жылы ұйымда тозу шығыстары 335850 миллионға жеткен. Оның ішінде мұнай газ активтерін 109546 миллионға, мұнай құбырларын 29297 миллионға, қайта өңдеу активтерін 119746 миллионға, ғимараттарды 19746 миллионға, машиналар мен құрал-жабдықтардың 37922 миллионға және көлік құралдарының тозу шығындары 11086 миллионға жеткен.

Кесте 5. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020 жылғы негізгі құралдарының құрамындағы өзгерістер.

2020 жылда негізгі құралдар құрамындағы өзгерістер									
Көрсеткіштер	Мұнай газ активтері	Мұнай құбырлары	Қайта өңдеу активтері	Ғимараттар	Машиналар мен құрал-жабдықтар	Көлік құралдары	Өзгелер	Аяқталмаған құрылыс	Жиыны
2020 жылға қалдық күн	1083615	808757	1171110	289702	453821	84661	111947	366132	4369745
Есептік валютасын қайта есептеу	13298	1075	7241	908	1288	894	1818	4720	31242
Есепті бағалаудағы өзгеріс	259	-382	-	-3	-	-	-	-	-126
Түсім	11165	3163	2063	6716	42099	6857	3452	324834	400349
Есептен шығару	-27370	-9103	-39685	-5401	-7141	-5033	-4919	-685	-99337
Еңгілес компанияны бақылаудан айыру	0	0	0	-631	-557	-248	-222	-38	-1696
Тозу бойынша шығыс	-115534	-27370	-114521	-19786	-36632	-9925	-111034	0	-434802
Жинақталған тозу бойынша құнсыздану	23602	8586	11649	4525	5936	4102	4701	373	63474
Құнсыздану	-3939	-3	-8276	2	13	-4451	22	-381	-17013
Тоқтатылған қызмет	-32655	-549852	0	-73865	-261707	-4198	-4547	-41645	-968469
Сауға арналған активтерге аударымдар	0	1387	-24	-11452	-33477	-48	-450	0	-44064
ТМҚ-дан аудару	48	0	125	1	82	1	1424	1863	3544
Барлау және бағалау активтерден аударымдар	16674	-	-	-	-	-	-	-	16674
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке аудару	-	-	-	2296	-	-	7	-	2303
Басқа да өзгерістер	-6179	-	-	-	-	-	-16	-9637	-15832
Аударымдар	163579	26459	91738	18811	75467	2511	6833	-385498	-100
2021 жылға қалдық күн	1126563	262717	1121420	211823	239192	75123	9016	260038	3305892
Бастапқы күн	2370020	394496	2524793	507485	588037	214572	243514	309288	7152205
Жинақталған тозу және құнсыздану	-1234470	-131779	-1505373	-295662	-348848	-139347	-134498	49250	-3839227

Ескерту. Автормен құрастырылған [2]

Кестедегі берілген мәліметтерге сәйкес 2020 жылы негізгі құралдардың азаюы, оның ішіндегі мұнай газ активтерінің 3939 миллионға, мұнай құбырларының 3 миллионға, қайта өңдеу активтерінің 8276 миллионға және көлік құралдарының 4451 миллионға құнсыздануы басты себептерінің бірі болып табылады.

Және де, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы негізгі құралдардың төмендеу себептерінің бірі ол осы негізгі құралдарды есептен шығару болып табылады. Яғни 2020 жылы ұйымда 99377 миллион теңгеге негізгі құралдар есептен шығарылған. Оның ішінде мұнай газ активтерін 27370 миллионға, мұнай құбырларын 9103 миллионға, қайта өңдеу активтерін 39685 миллионға, ғимараттарды 5401 миллионға, машиналар мен құрал-жабдықтардың 7141 миллионға және көлік құралдарының 5003 миллионға есептен шығарған және аяқталмаған құрылыс 685 миллион есептен шығарылған.

Берілген мәліметтерге сәйкес 2020 жылы негізгі құралдардың тоқтатылған қызметі 968469 миллион теңгеге азайған. Дәлірек айтар болсақ, мұнай газ активтерінің 32655 миллионға, мұнай құбырларының 549852 миллионға, ғимараттар 73865 миллионға, көлік құралдарының 4189 миллион теңгеге тоқтап отыр.

Сонымен қатар, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы негізгі құралдарының азаюының тағы бір басты себебі ол тозу бойынша шығыстар сомасының артуы. Яғни 2019 жылы ұйымда тозу шығыстары 434802 миллионға жеткен. Оның ішінде мұнай газ активтерін 115534 миллионға, мұнай құбырларын 27370 миллионға, қайта өңдеу активтерін 114521 миллионға, ғимараттарды 19786 миллионға, машиналар мен құрал-жабдықтардың 36632 миллионға және көлік құралдарының тозу шығындары 9925 миллионға жеткен.

Кесте 6. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2019 жылғы материалдық емес активтерінің құрамындағы өзгерістер

2019 жылғы ұйымдағы материалдық емес активтердің құрамындағы өзгерістер					
Миллион теңгемен	Гудвилл	Маркетинг бойынша МЕА	Бағдарламалық жасақтама	Басқалары	Жиыны
2019 жылға қалдық құны	98561	28960	19454	24197	171172
Есептік валютасын қайта есептеу	1003	2775	296	1071	5145
Түсімдер	-	-	2855	3553	6505
Есептен шығару	-	-	-5576	-2246	-7822
Амортизация бойынша шығыстар	-	-	-6494	-2804	-9298
Жинақталған амортизация бойынша құнсыздану	-	-	5544	215	5759
Құнсыздану	-	-5911	-270	931	-5250
Сағуға арналған активтерге аударымдар	-	-	-24	-	-24
Басқа да өзгерістер	-	-	1925	1455	3391
Ауыстырулар	-	-	2404	-2404	-

Ескерту. Автормен құрастырылған [2]

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-дағы материалдық емес активтерге ұйымның жарғысына сәйкес гудвилл, маркетинг бойынша МЕА, бағдарламалық жасақтама және өзгелер жатады.

Кестеде берілген мәліметтерге сүйене отырып, ұйымдағы материалдық емес активтер 2019 жылдан бастап бірыңғай төмендеу тенденциясы байқалып отырғанындығын көруге болады.

2019 жылғы қалдық құн гудвилл бойынша 98561 миллион теңгені құрады, ал маркетинг бойынша МЕА 28960 миллион теңгені құрап отыр. Бағдарламалық жасақтама 19454 миллион теңгеге өсіп, ал өзге МЕА 24197 теңге артып отыр. Жалпы жиыны 171172 миллион теңгені құрады.

Материалдық емес активтердің төмендеу тенденциясының орын алу себептерінің бірі ол МЕА-ді есептен шығару болып табылады. Бұл жерде бағдарламалық жасақтама мен өзге МЕА-тердің есептен шығарылуы осыған себеп болып отыр. Дәлірек айтар болсақ, бағдарламалық жасақтама 5576 миллион теңгеге, ал өзге МЕА-тер 2246 миллион теңгеге есептен шығарылып отыр.

Сонымен қатар МЕА-дің төмендеуі амортизация бойынша шығыстардың артуынан болып отыр. Яғни ұйымда бағдарламалық жасақтама бойынша амортизациялық шығыс 6494 миллион теңгеге, ал өзге МЕА-тер бойынша 2804 миллион теңгеге жетіп отыр.

Ұйымдағы маркетинг бойынша МЕА, бағдарламалық жасақтама және өзге МЕА-дің құнсыздануы да осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ- дағы МЕА сомасының азаюына әкеліп отыр. Яғни ұйымдағы маркетинг бойынша МЕА 5911 миллион теңгеге, бағдарламалық жасақтама және 270 миллион теңгеге құнсыздануы осы ұйымдағы МЕА-тер сомасының азаюына әкеліп отыр.

Кесте 7. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2020 жылғы материалдық емес активтерінің құрамындағы өзгерістер

2020 жылғы ұйымдағы материалдық емес активтердің құрамындағы өзгерістер					
Миллион теңгемен	Гудвилл	Маркетинг бойынша МЕА	Бағдарламалық жасақтама	Басқалары	Жиыны
2020 жылға қалдық құны	99564	24824	20114	23979	165481
Есептілік валютасын қайта есептеу	285	-	111	772	1811
Түсімдер	-	-	1613	2634	4247
Есептен шығару	-	-	-1930	-126	-2058
Амортизация бойынша шығыстар	-	-	-7277	-3566	-10843
Жинақталған амортизация бойынша құнсыздану	-	-	1775	107	1882
Құнсыздануды қалпына келтіру	-	-	54	5	59
Еншілес компанияны бақылаудан айыру	-	-	-2	-2	-4
Сатуға арналған активтерге аударымдар	-	-	42	-	42
Барлау және бағалау бойынша активтерден аударым	-	-	-	8768	8768
Тоқтатылған қызмет	-	-	-5246	-751	-5997
Басқа да өзгерістер	-	-	3924	11908	15822
Ауыстырулар	-	-	4210	-4210	-
2021 жылға қалдық құн	99849	25464	17388	39518	182222
Бастапқы құн	208594	65371	72230	120317	466512
Жинақталған амортизация және құнсыздану	-108745	-39904	-54842	-80799	254290

Ескерту. Автормен құрастырылған [2]

Кестедегі мәліметтерге сүйене отырып келесідей қорытынды жасауға болады.

2020 жылғы қалдық құн гудвилл бойынша 99564 миллион теңгені құрады, ал маркетинг бойынша МЕА 24824 миллион теңгені құрап отыр. Бағдарламалық жасақтама 20114 миллион теңгеге өсіп, ал өзге МЕА 23979 миллион теңге артып отыр. Жалпы жиыны 165481 миллион теңгені құрады.

Материалдық емес активтердің төмендеу тенденциясының орын алу себептерінің бірі ол МЕА-ді есептен шығару болып табылады. Бұл жерде бағдарламалық жасақтама мен өзге МЕА-тердің есептен шығарылуы осыған себеп болып отыр. Дәлірек айтар болсақ, 2020 жылы бағдарламалық жасақтама 1930 миллион теңгеге, ал өзге МЕА-тер 126 миллион теңгеге есептен шығарылып отыр.

Сонымен қатар МЕА-дің төмендеуі амортизация бойынша шығыстардың артуынан болып отыр. Яғни ұйымда бағдарламалық жасақтама бойынша амортизациялық шығыс 7277 миллион теңгеге, ал өзге МЕА-тер бойынша 3566 миллион теңгеге жетіп отыр.

Ұйымдағы бағдарламалық жасақтама және өзге МЕА бойынша қызметтердің тоқтатылуы да осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ- дағы МЕА сомасының азаюына әкеліп отыр. Яғни бағдарламалық жасақтаманың 5246 миллион теңгеге және өзге де МЕА қызметінің 751 миллион теңгеге тоқтатылуы осы ұйымдағы МЕА-тер сомасының азаюына әкеліп отыр.

Қорытындылайтын болсақ, кестедегі мәліметтерге сүйене отырып «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ- дағы ұзақ мерзімді активтердің, оның ішінде негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің салыстырмалы өзгеруін және өсімінің өзгеруін анықтай аламыз. Кестедегі берілген мәліметтерге сүйене

отырып «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ- дағы негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің кему тенденциясы орын алғандығын және оның негізгі себептерін көруге болады.

Ал осы мәселені шешу үшін ұйымға келесідей ұсыныс бере аламыз:

1) Талдау мәліметтеріне сүйене отырып, ұйымда негізгі құралдар мен материалдық емес активтер сомасы 3 жыл ішінде бірыңғай төмендегенін көруге болады. Яғни ұйымда осы ұзақ мерзімді активтер тарапында төмендеу тенденциясы анықталып отыр. Бұл көбінесе ұйымдағы басқарушылық шешімдердің дұрыс қабылданбауынан болады. Демек біз осы ұйымға өзінің осы басқарушылық шешімдерін қайта пысықтауын және өз шешімдерін өзгертуін ұсына аламыз.

2) Ұйымдағы тағы бір өзекті мәселе бұл осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ- дағы дивиденттік саясаттың дұрыс жүргізілмеуі. Яғни ұйым қарыздары бола тұра акционерлерге дивидент төлеуі сол қарыздарды жабу үшін өзінің ұзақ мерзімді активтерінің бір бөлігін сатуға әкеліп отыр. Сондықтан да, біз осы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на өзінің дивиденттік саясатын қайта қарауға кеңес береміз.

Әдебиеттер тізімі:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның ресми сайты:

https://www.kmg.kz/kaz/kompaniya/obshaya_informaciya/

2) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2021 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі: <https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial->

[result/2021/31.12.2021%D0%9A%D0%9C%D0%93%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%81%D0%BE%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20final.pdf](https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/2021/31.12.2021%D0%9A%D0%9C%D0%93%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D1%81%D0%BE%D0%BA%D0%B0%D0%B7%20final.pdf)

3) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2020 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі:

<https://www.kmg.kz/uploads/reporting-and-financial-result/financial-statements/%D2%9A%D0%9C%D0%93%D0%93%D1%88%D0%BE%D2%93%D1%8B%D1%80.%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B6%D1%8B%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%B1%D1%96,%20%D0%B0%D1%83%D0%B4%D0%B8%D1%82%D0%BE%D1%80%20%D0%B5%D1%81%D0%B5%D0%B1%D1%96%D0%BC%D0%B5%D0%BD%20%D0%B1%D1%96%D1%80%D0%B3%D0%B5,%2031.12.2020.pdf>

4) Д.О. Абленов. Аудит негіздері: оқулық-Алматы: «Экономика» - 2007;